Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

24 қыркүйек 2024 жыл № 1912-24-00-2/1523 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Ж.Омарбеков,
хатшылыққа Д.Даниярқызыны ала отырып,
ашық сот отырысында электронды форматта азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ИП «ZERE», жеке кәсіпкер Зангинова Бакытгуль Турсунбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Уразбаев Н.Е.
талап қоюшының өкілі Таирбергенов Ю.,
жауапкер Зангинова Б.Т.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

30 қаңтар 2024 жылы «Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – талап қоюшы, Тапсырыс беруші) және ИП «ZERE», жеке кәсіпкер Зангинова Бакытгуль Турсунбековна (әрі қарай – жауапкер, Өнім беруші) арасында №167 келісімшарт жасалынған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың сомасы 1 106 116, 84 тенге құрайды және және тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз қамтиды.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Өнім беруші Шарттың 1-қосымшаның талаптарын орындауға тиіс, онда көрсетілген Электр энергия тауарын Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Тарғап ауылы, Тарғап ТМҚП мекен-жайы бойынша қызмет көрсетулері керек.

Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және сол күннен бастап Өнім беруші 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін Шарттың талаптарына сәйкес орындауғы міндеттенеді.

Өнім беруші – ИП "ZERE" мекен-жайына Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы) мемлекеттік мекемесінің Алматы облысы бойынша филиалы Шарт бойынша өзіне алған міндеттерді, 2024 жылғы 27 мамыр шығыс №27-1-2-1/111 хатымен, орындау туралы хабарлама жіберген, алайда Өнім беруші міндеттемелерді орындаған жоқ.

11 маусым 2024 жылғы портал бойынша Өнім берушіге Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолданған және тұрақсыздық айыбы бойынша туралы хабарлама жіберген.

Тапсырыс беруші жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тануды, және 147 күнге есептелген 110 611 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қоюшы Шарт негізінде жауапкер өз міндеттерін орындамағанын негізге алған.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір ұсынбады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Таирбергенов Ю. талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Зангинова Б.Т. талап арызды ішінара мойындады, Шарт талаптарын орындай алмағанын көрсетті және тұрақсыздық айбын төмендетуді сұрады.

Прокурор Уразбаев Н.Е. талап арыз қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 19.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Омарбеков Н. Д., 13.01.2025
1912-24-3-1/1445

өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 11-бабының 4-тармағындағы 4) тармақшасында - мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында жауапкер өзіне алған міндеттемені орындамағаны, сол себепті мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт орындамалғаны дәлелденді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 49-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қуыныммен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап арыз 14 маусым 2024 жылы берілді.

Жауапкердің тапсырысты орындамаған туралы уәждерін сот қабылдай алмайды, себебі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10, 359-баптарына сай, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған іс-әрекеттер кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, жауапкер өз міндетемесін орындамады деп, талап арыз қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

АК-нің 298-бабының талабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 19.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Омарбеков Н. Д., 13.01.2025
1912-24-3-1/1445

алынады. АПК-нің 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

АК-нің 297-бабына сәйкес егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Жауапкер өзінің материалдық жағдайын, қалыптасқан жағдайын ескеріп тұрақсыздық айыбы мөлшерін төмендетуді сұраған. Бұл жағдайда, сот Шарттар бойынша тұрақсыздық айыбы ішінара өндіріліп, талап қоюшының талабы ішінара қанағаттандырылуға жатады деп есептейді, яғни тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) 1 106 116,84 х 0,1% х 30 күнге, яғни 33 183 теңгеге дейін азайтады

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 841 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ

Сот, Қазақстан Республикасы АПК-нің 117, 223-226,229-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің ИП «ZERE», жеке кәсіпкер Зангинова Бакытгуль Турсунбековнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

ИП «ZERE», жеке кәсіпкер Зангинова Бакытгуль Турсунбековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ИП «ZERE», жеке кәсіпкер Зангинова Бакытгуль Турсунбековнадан мемлекет пайдасына 33 183 (отыз үш мың бір жүз сексен үш) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 841 (екі мың сегіз жүз қырық бір) теңге мемлекеттік баж өндірілісін.

Талап қоюшының тұрақсыздық айбын өндіру туралы талаптың қалған бөлігі - қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 19.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Омарбеков Н. Д., 13.01.2025

1912-24-3-1/1445

Шешімге риза болмаған жағдайда шешім түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтініш келтіруге болады.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 19.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Омарбеков Н. Д., 13.01.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1912-24-3-1/1445